



— Кенжеғали Әбенұлы, екі жоғары оқу орнындарын біріктіріп, Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін ашуға не себеп болды?

— Біздің университет бұрынғы — Қазақ ауыл шаруашылығы және Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институттарының негізінде құрылғанын білесіздер. Университет құрамына тағы үш колледж — Талғардағы ауылшаруашылық және ауыл шаруашылығын механикаландыру, Алматы су шаруашылығы мамандарын дайындайтын колледждер кірді.

Жалпы, ауыл шаруашылығының 28 саласы бойынша мамандар дайындалатын болады.

Жоғарыдағы айтылған институттардың қалыптасқан ұстаздар ұжымы, көп жылдан жинаған дәстүрлері де бар екені анық. Екеуі де кезінде өз саласында жетекші оқу орындары болған.

Дегенмен де, ауыл шаруашылығына керекті мамандар дайындау жұмысын академия немесе университет дәрежесіне көтеру мәселесі Қазақстанда соңғы 35-40 жыл ішінде бірнеше рет көтерілген болатын. Бұл, міне, үстіміздегі жылы жүзеге асып отыр.

Оны біз елеулі оқиғалардың бірі деп айта аламыз. Мақсат — маман дайындау ісін жетілдіру, оқу жүйесіне озық тәжірибелерді молынан енгізу, ғылым мен оқу процестерін тығыз байланыстыру, қазір күрделі реформалар алаңына айналған ауылға заман талабына сай кадр дайындау және агроуниверситетті Қазақстандағы жетекші оқу орындарының қатарына қосу. Мемлекеттік қаржыландырудан тыс ақша көздерін тауып, ұстаздардың жалақысын, студенттердің стипендиясын көтеруді де ойластырамыз.

Қазір агроуниверситет ұстаздары осы мәселелердің тиімді жолдарын қарастыруда. Дегенмен де, біраз жайлар арнаулы үкімет қарарымен шешілуі керек. Егер үкімет тарапынан демеу болмаса, агроуниверситеттің тез арада өз аяғынан тұрып кетуі қиындау. Бүгінгі таңда мұқтаждық көп: агроуниверситеттің көптеген үйлерін күрделі жаңғырту керек, бұрынғы екі институттың, үш колледждің біз төлейтін қарыздары да бастан асады.

— Қазір заман өзгерді. Бұрынғы маман бүгінгі күн талабына толық жауап бере бермейтінін өмір көрсетуде. Ендеше, бұл бағытта жаңа оқу орны қандай жұмыстарды таяу арада жолға қоймақ?

— Ауыл экономикасы, жалпы ауылдағы шаруашылық, тұрмыс сипаты да қазіргі кезде күрт өзгеруде. Алдағы уақытта бұл одан да күрделі болады. Бұрын негізінен совхоз, колхоз үшін агрономдар мен малдәрігерлерін, инженер-механиктерді, тағы басқа мамандар дайындау келді.

Әрине, қазақ сахарасында қора-қора мал бұрын да болған, қазір де бар, болашақта да өсіріледі. Егін де егіледі. Жергілікті ұлт өкілдерінің жартысынан көбі ауылда тұрады. Ауыл білікті мамандармен, жан-жақты дайындығы бар азаматтарының күш-жігерімен дамиды, жаңғырады, көркейеді.

Негізгі нысана — ауылға жана, тиімді техника, технология әкелетін, оларды пайдалана білетін мамандар өзірлеу. Қазақ даласына бүгінгі таңда өнім өндіріп, оны ұқсатуға арналған әртүрлі неміс, француз, израиль, голландия, тағы басқа көптеген мемлекеттерде тиімді қолданылып жүрген технологиялар әкелінуде. Университет түлектері осындай жана технологияларды білуі, игеруі керек. Солардың негізінде жұмыс істей алатын болуға тиіс. Дамыған елдерде ауыл шаруашылығын өркендетуде биология, генетика, биотехнология жетістіктері кеңінен пайдаланылады. Бұл қазіргі заман талабы, осыған сәйкес мамандар дайындау университет ұстаздарының негізгі парызы.

Ауылда жана шаруашылық жүйесі қалыптасып жатыр. Нарық экономикасының, оның өдіс-үрдістері күнделікті тіршілікте молынан еніп келеді. Сондықтан да болашақ маман осы қыз-

мет жүйесінде пайдалануы керек. Не тиімді, не тиімсіз, өзін араласқан шаруашылықтың даму жолдары қандай? Бұл секілді сұрақтарға университет түлектерінің бәрі жауап бере алатындай дайындықта болуға тиіс. Әсіресе, нарық экономикасының тегіні жете білу қазақ жастарына, жалпы ауылдағы ағайынға қажет. Ұлы қаламгер М. Әуезов айтқандай, «өшеінде қозғалысы жоқ, отырысы көп, салмақ ауыр, сылбыр, еріншек, кен қолтық болсақ» қазақты оятып, жан беріп, ширатып жіберудің негізі — осы қанат жайып келе жатқан нарық жүйесін теренірек түсінші, игеруде жатыр. Несін жасайрық, ауылдың қазіргі

Ауылдың көсегесін көгертетін — білікті мамандар

Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры, академик Кенжеғали САҒАДИЕВ ПЕН сұхбат



күйзелісінің бір себебі — халқымыздың жана шаруашылық жүйесін іліп алып кетуге керекті дайындығының болмауында, осы салада білікті мамандарының жетіспеуінде жатқаны белгілі.

— Естүімізше, кешенді оқу жүйесін іске асырып жатқан көрінісіздер?

— Кешегі бүгінге, бүгінгі ертеңге өлшем болмай қалды ғой. Жоғарыда айтылған оқу орындарының жай басын біріктіріп, агроуниверситет атай салу жеңіл ғой. Университетке тән оқу-ғылым жүйесін құру — өте күрделі мәселе. Университет құрамына кірген институттардың II факультеті, 85 кафедрасы болған. Көлемдері әртүрлі, көбішағын факультеттер мен кафедралар. Солардың негізінде 5 оқу ғылыми өндірістік кешен құрылды. Олар үлкен-үлкен басқару жүйелеріне айналды, келешекте көп білікті өз қолдарына береміз бе деген ойымыз бар. 85 кафедрадан 60-қа жуығы қалатын болар. Ірлендіру жолымен жүрсек ұтармыз деген үмітіміз бар.

Шетелдерде жоғары білімді мамандар университетте дайындалады. Оқу-ғылым жүйесін басқаруда да көптеген озық үлгілер жеткілікті. Оларды игеру біз үшін пайдалы. Қазір халықаралық жәрдем қорларына Қазақстандағы тұңғыш агроуниверситетпен іскерлік байланыс жасау туралы ұсыныстар енгіздік. Ағылшын мен Француз елдерінен әріптестер тауып отырмыз. Жалпы, ұсынысымыз қолдау көретін түрі бар.

— Биылғы оқуға қабылдаудың жай-күйі, мамандықтардың түрлері және оларға қойылатын талаптарға тоқтала кетсеңіз?

— Биыл 28 мамандық бойынша университеттің күндізгі бөліміне 950, сырттай оқуға 200 адам қабылданады. Атап айтсақ, агрономия, малдәрігері, ауыл шаруашылығын механикаландыру, экономика және менеджмент, халықаралық экономикалық байланыс, бухгалтерлік есеп, қаржы, несие, банк мамандары, орман шаруашылығы, мал өнімдерін өндіру мен ұлгерту, тағы басқа да мамандықтар бойынша студенттер қабылданады. Жоғарыдағы айтылған 950 орынға түскен талапкерлер мемлекет есебінен оқиды, оларға жатақхана мен стипендия беріледі. Ауылдан келген жастарға көбірек мөлшерде стипендия төлеу керектігін дәлелдеп, Үкімет алдына арнайы мәселе қойып отырмыз.

Сонымен қатар, өз қаражатын төлеп оқимын деушілерге есік ашық. Әртүрлі кәсіпорындар, шаруашылықтар ақша төлеп мамандар дайындауларына да болады.

Университеттің бүгінгі күн мен келешектің талабына сай жоғары білімді, жан-жақты кадрлар дайындауға мүмкіншілігі бар. Университет студенттеріне барды ұқсатуы жоқты қолдан келгенше тауып жағдай жасаймыз. Әрине, тұрмыстың қазіргі қиындығына байланысты ауылдан бір қиырағы қалаға оқу іздеп келу оңай емесі түсінікті. Дегенмен, «білімі жоқ бірді, білімді

мынды жығатынын» ескерсек қашаннан да келешек білімді де білікті мамандық екенін айту парызымыз. Әсіресе, бұл ауыл үшін ауадай қажет.

— Оқу орындары бірігіп жатқан тұста ондағы оқытушылардың, студенттердің тыныс-тіршілігі туралы да аз кем айта кетсеңіз артық болмас еді?

— Агроуниверситетте бүгінгі таңда 1050 ұстаз бар. Оның 490-ы профессорлар мен доценттер. Ал олардың алдынан 10 мыңнан астам студент білім алады. Жатақхана жағы жеткілікті деп жоғарыда айтып өттік. Жақсы жабдықталған лабораториялар, оқу-құралдары және тәжірибеден өтетін шаруашылықтарымыз да бар. Бұлардың өлі де болса, сапасын көтерсек деген ниетпен әртүрлі іс-қимылдар жасап жатырмыз.

— Бұрынғыдай жоғарыдан төгіліп тұрған қаржы жоқ. Нарық заманында өзін талпынбасаң, өзегің талары хақ. Бұл тұрғыдан келгенде мемлекеттің қолдауынан басқа қандай табыс көздері бар?

— Әрине, үкімет тарапынан бөлініп жатқан телегей-теңіз қаржының жоқтығы рас. Бізге керек қаржының 15-20 процентін ғана үкімет береді. Осыған орай өзін талпынбасаң ісін ілгері баспайды. Агроуниверситет өз мүмкіндігін есептей келіп, өзіне қосымша табыс өкелетін шараларды айқындап алады.

Ақылы оқу — осындай қосымша табыстардың бір түрі ғана. Биылғы жылдан бастап, ақысын өзі төлеп білім аламын дегендердің санына шек қойылмайды. Ақылы оқуға жастарды тартуды жылына бір рет емес, бірнеше рет ұйымдастыруға болады. Екінші табыс көзі — ғылым жаңалықтарын шаруашылыққа енгізуді мықты қолға алу. Жақында мал шаруашылығына керекті дәрі-дәрмек өндіретін ғылыми-өндірістік орталық құрылды. Олардың шығарған өнімдерін алушылар да табылып отыр. Сол сияқты әр кафедраның, көптеген профессорлардың басқа да ғалымдардың мол мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану дұрыс жолға қойылу үстінде.

Үшінші, негізгі қосымша табыс — өндіріспен айналысу, өнім өндіру. Бізде білім бар, мамандық бар, аздаған техника, құрал-жабдық та табылады. Қазақстанда жер баршылық. Соны тиімді пайдаланып, жерге егін салып, жаңа технологиялар көмегімен өнім алып, табыс табуға болады. Оны да ойластырып жатырмыз.

— Қазір томаға тұйық өмір сүру мүмкін емес. Бұл бағытта қандай жоба-жоспарларыңыз бар?

— Агроуниверситет шетелдердегі өз әріптестерімен тығыз байланыс жасау қамында екендігін жоғарыда айттым. Шетел тәжірибесі оқу жүйесіне енгізіледі. Қазір халықаралық Агробизнес институтымен, шетел университеттерімен біріккен консорциум құруды ойластырамыз. Келешекте шетел профессорларын дәріс беруге шақыруды, біздің ұстаздар мен студенттерді шетелге оқуға, тәжірибе жинап алмасуға жіберуді, ондағы ғалымдарымен біріккен ғылыми ізденістер жүргізу жолдарын қарастырамыз.

— Тағы бір сұрақ. Халықтың халықтығын танытатын тіл десек — сол ана тіліміздің өзіңіз басқарып отырған университетте пайдалану жайына аз да болса тоқтала кетсеңіз?

— Университетте көптеген пәндер қазақ тілінде жүреді. Ана тілінде дәріс бере алатын, оқулықтар жазған ұстаз-ғалымдар қатары көбейіп келеді. Ана тілі — алаш тілі, біздің елдігіміздің куәсі, халқымыздың бет-бейнесі. Оны дамытуға, үйретуге атсалысу аграрлық университет оқытушыларының борышы деп білеміз. Осыған орай ойластырылған іс-қимылдар молынан.

Басқа тілдерге де шет қарап отырған жоқпыз. Университет түлектері ана тілімен қатар бір шет тілін меңгеріп шығуы керек деп есептейміз. Айта берсек, алға қойған мақсат көп. Оның бәрін тізе беру қазір артық та шығар. Бітіргенімізді әнгіме арқауына айналдырап уақытқа тезірек жетсек дейміз.

— Әңгіменізге рахмет!

Сүлеймен МӘМЕТ,
«Егемен Қазақстан» газетінің бөлім редакторы.

Аз шығь мол ө

Жекешелендіруші қалайтын да бар. Астаналық облыстық қарасты «Алматы» ұжымшарының Іванович Смыков соларды жатады. Ол басқарған ұжым жекешенік шаруашылық болды. Жанаша жұмыс істеуден тым мол болмаса да, олар өткен жыл мен қорытындылады. Жыл ішінде өткізу мен сатудан 244 миллион. Бұдан барлық жұмсалған не шығындарды алып тастағанда, 4 пайда көрді. Жанама шығынның теңге алым-салық барын атап айта аламыз «Талғар таны» газеті отырғанын да риза көңілмен айтамын Анаголий Иванович Смыков

белшесінен батып жатқанда, осыншалықты пайда табудың сырын былайша түсіндірді:

— Өткен жылдың басында біз де шаруашылықты жекешелендірдік. Өзгелер секілді алдымен мал-мүліктің есебін алып, оны сінірген енбегіне, жұбөліп, өркімнің алатын үлесін колхозшылардың жалпы жинақпендірудің қай түрін қалай ақыластық. Көпшілік жеке болуды жөн көрді. Біз Кеген, Ріаудандар секілді әр шаруаға тиісті етесен, соны істе деп, тар Ақылдасып, ұжым-ұжымға бірдық. Әр ұжым басшыларын өздеге, ферма, лех, құрылыс учаске шаруашылықтарын қалай жүргізуге Жұмысқа адам алып, қоғамдық сияқты тәртіпті бұзғандарды қызметке алуға ерік берілді. Өндіріс буыны дұрыс пайдаланып, жеңілді астымен жүретін құр секілділерді, масқұнемдерді, ұжым жұмысқа алмады. Сұрыптаудың нәтижесінде 300 ақалды. Демек, оларға төленіп үнемделді. Бірақ, бұдан келген е көлемі бұрнағы жылғыдан көп өрбір науқандық жұмыстар дер отырды, — дейді ол.

Жалгерлер жыл басын өкімшілігімен келісім-шарт атқарылатын жұмыс көлемі, өндіріс жұмсалатын шығындар көрсетілуіне қамтамасыз етеді. Әрқайсы карточкасы ашылып, жұмсаған табыстары жазылып отырылады. шығысы есептеліп, шарттық мөлшерін табыстары енбекке реті тық міндеттемеде көрсетілген мөлшеріне шаруашылығына өндіріс артылғанын жалгерлер қалай пайдалану ерікті. Бұл — жалгерлердің аз өнім алуға деген ынта-ықыласы.

Күндік табы жарты мил.

«Алматы» жеке меншік шаруашылығы. Мыңғыртып мал да, жайқал Солардың бәрі рентабельді, іші пайда көп беретін — сауын мал ұтыр күніне сүт және сүт өнімдері мен теңге түсетін еді. Биыл он теңгеге жеткізді. Сауын мал саба Жок, өткен жылғы деңгейде. А түрде арттырды. Астаналық облыс көптігі жөнінен бұларға тең түрде жеке меншік шаруашылық жоғары 1800 сыйрдың әрқайсысынан 35 Шаруашылық мал шаруашылығы теңге табыс тапса, оның 80 шаруашылығынан түсті.

Мұнда сауын малдарының болатын жөні бар. Бір киле сүт шығын шығарады. Ал оны сатуға теңге. Демек, әр киле сүттен 18 теңге отырса, бұл сала қалай тиімді жағдайлары білтірғанды да жаңа

Үстіміздегі жылдың басынан мың киле сүт сауды. Бұл сөз көрсеткішпен екі есе көп. Сүт өндіруді арттыруды алғашқысы — сауын мал санын көбейтіп арттыру. Алматылық экстенсивті жолмен дамыту арқы түсілі қолдану арқылы жүзеге асырып атап көрсетерлік жәйт, өлші жем шөпті көрішлес шаруашылық аз жұмсап келе жатқандары. Өмір өзірлеген пішендеме мен сүрлемі Пішен, негізінен, жонышқада сабақты азықтар туралы, ұжымшарлармен соя дені, тағы басқа қажетті заттары бар қоспалар қолданылады.

Көптеген шаруашылық құрамындағы шығынды азайту үшін олар барлық қолға алынды.

АҚИКАТ

АДАМ

АУЫЛ

Өз күштерімен атқарып жатыр

Ұлытау ауданында бес жүзден астам фермер шаруашылық бар. Олардың көпшілігін техникасы, мал-